

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КӘСІПОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ
ҚЫЗМЕТ: ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР**

**FINANCIAL AND ECONOMIC ACTIVITY IN AGRICULTURAL ENTERPRISES:
THEORETICAL ASPECTS**

**ФИНАНСОВО-ХОЗЯЙСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ
ПРЕДПРИЯТИЯХ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ**

С.Б. АЛЬДЕШОВА*

экономика ғылымдарының магистрі

Г.Т. АХМЕТОВА

Э.Ф.К.

М.С. ДАРИСКАЛИЕВА

экономика ғылымдарының магистрі

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан

**автордың электрондық поштасы: s.aldehova@asu.edu.kz*

S. ALDESHOVA*

Master of Economic Sciences

G. AKHMETOVA

C.E Sc.

M. DARISKALIYEVA

Master of Economic Sciences

Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan

**corresponding author e-mail: s.aldehova@asu.edu*

С.Б. АЛЬДЕШОВА*

магистр экономических наук

Г.Т. АХМЕТОВА

К.Э.Н.

М.С. ДАРИСКАЛИЕВА

магистр экономических наук

Атырауский университет им. Х. Досмұхамедов, Атырау, Казахстан

**электронная почта автора: s.aldehova@asu.edu.kz*

Аңдатпа. *Мақсаты* – ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында экономиканың басқа салаларынан ерекшеленетін Қаржы-шаруашылық қызметті жүргізу ерекшелігін көрсету, ол көбінесе ассортиментпен, өндірілетін өнім көлемімен және құндық мәнде өткізумен сипатталады, ол өндірістік қуаттардың сапасына, тозуына, қажетті шикізаттың, материалдардың болуына, өнімді өткізу нұсқаларына тікелей тәуелді болады. Мынадай *міндеттер* шешімін табады: аграрлық саланы қалыптастырудағы есепке алу проблемалары зерделенген; осы саладағы шаруашылықтарда экономикалық белсенділікті күшейтуде қиындықтар анықталған; кең ауқымды, жедел келіп түсетін ақпарат болған кезде жерді, өндірістік қорларды, материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға, шығындарды азайтуға, агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің рентабельділігін арттыруға және шаруашылықтардың қаржы-экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал ететін шаралар жүйесі ұсынылған. Жүргізілген талдау *нәтижелері* сыртқы факторлармен (инфляция, салааралық алмасудың тепе-теңдігінің бұзылуы, төлемге қабілетті сұраныс, тұтынушылардың табыс деңгейі және шаруашылық жүргізудің басқа да экономикалық жағдайлары) қатар қаржы-шаруашылық қызметке ішкі факторлар да үлкен әсер ететінін көрсетеді: активтердің құрылымын оңтайландыру, инвестициялық-инновациялық процес-терді енгізу, аграрлық секторды техникалық және технологиялық жаңғырту. Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп өндірістік процестердің барысы, рентабельділіктің өсуі және жұмыс сапасының жақсаруы туралы қажетті ақпарат беруге

Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру ережелеріне сәйкес бухгалтерлік есеп бойынша іс-қимылдарды орындау реті бар: 1) Ақ-паратты жинау және тіркеу – құжаттау; 2) ақпаратты топтастыру, жүйелеу және жинақтау – тіркеу; 3) есепке алу деректерін талдау және бухгалтерлік есепті жасау жүргізіледі.

Мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп кәсіпорынға осындай міндеттерді шешуге көмектеседі:

– бұл кәсіпорынның мүліктік жағдайы, оның қызметі туралы сенімді ақпарат қалыптастыруға мүмкіндік береді, оны ішкі пайдаланушылар пайдаланады, олардың құрамына құрылтайшылар, кәсіпорын иелері мен қатысушылары, сондай-ақ сыртқы пайдаланушылар – несие берушілер, инвест-торлар, банк, қаржы және салық органдары, жеткізушілер және басқалар кіреді;

– міндеттемелер мен мүліктің қозғалысымен байланысты операцияларды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ барлық қолда бар ресурстарды пайдалана отырып, қолданыстағы заңнаманың мүлтіксіз сақталуына бақылау жасау үшін ақпарат беру. Мұның бәрі заңнамалық деңгейде бекітілген нормативтерге, сметаларға және нормаларға сәйкес орындалуы тиіс;

– кәсіпорын қызметінде жағымсыз құбылыстардың туындауының алдын алу және болдырмау;

– кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге және оларды жұмылдыруға көмектесетін ішкі қорларды анықтау;

– барлық анықталған резервтердің нақты пайдаланылуына бағалау жүргізу [4].

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есептің келесі негізгі ерекшеліктері, осыған байланысты мәселелер мен міндеттер бар [5].

1. Ауыл шаруашылығындағы негізгі өндіріс құралы жер болып табылады, сондықтан жер учаскелері мен оларға қаржылық инвестицияларды есепке алу қажет. Ауыл шаруашылығындағы жерлерді есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу кезінде жер алқаптары заттай көрсеткіштерде (гектарда) көрсетіледі, ақшалай мәнде қосымша (күрделі қаржы ретінде) салымдар мен сатып алынған жерлерді көрсетеді.

2. Агроөнеркәсіптік сектордағы бухгалтерлік есептің ерекшелігі ауыл шаруашылығы салаларының (өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, қосалқы өндіріс және т.б.) әр түрлі сипатына және тиісінше

оларда болып жатқан өзгерістерге (себу, егіннің кіріске алынуы, тірі салмақтың өсуі, төл және т.б.) байланысты.

3. Ауыл шаруашылығында климаттық факторлардың әсерінен өндіріс маусымдық (ең алдымен өсімдік шаруашылығына қатысты). Бухгалтерлік есеп жұмыстар мен шығындардың маусымдылығын көрсетуге арналған, ол өз кезегінде бухгалтерлік есепке әсер етеді (мысалы, жинау және негізгі ауыл шаруашылық жұмыстары кезінде есеп жұмыстарының көлемі артады, ал жұмыс көлемінің маусымдық төмендеуі кезінде азаяды).

4. Көбінесе бір дақылдан немесе малдың бір түрінен өнімнің бірнеше түрі алынады. Бұл бухгалтерлік есепте шығындарды бөлу қажеттілігіне әкеледі.

5. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру ұзақ үдеріс, кейде ол бір күнтізбелік жылдан асады. Кейбір ауыл шаруашылығы дақылдары мен жануарлар бойынша шығындар ағымдағы есепті жылы жүзеге асырылады, ал өнімді келесі есепті жылы ғана алады (күздік дәнді дақылдар, ірі қара мал төлін бордақылау және т.б.). Осы себепті, бухгалтерлік есепте шығындар күнтізбелік жылға сәйкес келмейтін өндірістік циклдер бойынша бөлінеді: өткен жылдардың ағымдағы жылдың өніміне арналған шығындары, ағымдағы жылдың болашақ егінге арналған шығындары және ағымдағы жылдың сол жылдың өніміне арналған шығындары.

6. Өз өндірісі өнімінің бір бөлігі шаруашылық ішілік тұтынуға (ішкі айналым): өсімдік шаруашылығы өнімі – тұқымға, мал азығына, қайта өңдеуге; мал шаруашылығы өнімі – өсімдік шаруашылығындағы тыңайтқыштарға, мал азығына түседі. Осыған байланысты шаруашылық айналымның барлық кезеңдерінде өнім қозғалысының нақты көрінісі қажет [6].

7. Аграрлық өндірісте әр түрлі ауыл шаруашылық техникасы қолданылады, бұл барлық мобильді машиналар мен механизмдерді сенімді есепке алуды қажет етеді.

Осы факторлардан басқа, кәсіпорындардың құқықтық нысандары ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есепті ұйымдастыруға әсер етеді. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары акционерлік қоғамдар, серіктестіктер, жауапкершілігі шектеулі қоғамдар, кооперативтер, шаруа (фермер) қожалықтары және олардың қауымдастықтары бола алады.

Осылайша, ауыл шаруашылық кәсіпорындарының бухгалтерлік есеп жүйесі

ауыл шаруашылық өндірісті ұйымдастыруға, экономиканың ұйымдық-құқықтық нысаны мен мамандануына байланысты, бірақ сонымен бірге ол ұлттық экономиканың кез келген саласында есепке алуға тән жалпы белгілермен сипатталады: бухгалтерлік есеп бірыңғай шоттар кес-тесіне сәйкес құрылады, бухгалтерлік есеп регистрлері, нысандары, сондай-ақ бухгалтерлік есепті ұйымдастыру әдістері қолданылады [7].

Қорытынды. Қазақстандық ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында бухгалтерлік есеп жүйесін жетілдіру мәселелерін талдау барысында тек қана қаржылық бухгалтерлік есепке тән мәселелерді ғана қарастырмай, сонымен қатар басқарушылық есепті ары қарай жетілдірудің жолдарын зерттеу қажет.

Қазіргі кезеңде басқарушылық есеп бухгалтерлік есептің көлеңкесінде қалып, мұның көптеген мәселелері әлі күнге дейін зерттелмей келеді. Алайда басқарушылық есептің қолайлы моделін құру бизнес пен кәсіпкерлікті дамытудың негізін құрайтындығын білген жөн. Бұл ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына да қатысты.

Халықаралық қаржылық есеп стандарттары негізінде отандық бухгалтерлік есеп жүйесін ары қарай жетілдірудің негізгі мәселелерінің бірі – ұйымдарда күні бүгінге дейін екі бағытта жүргізіліп келе жатқан қаржылық және салық есебін біріктіріп үндестіру, сондай-ақ есептің жаңа қаржылық моделін құру болып табылатынын айтуға болады. Егер қаржылық есептің үндестірілген жаңа моделі құрылған жағдайда есеп жүргізудің еңбек шығындары біршама азаяды. Сонымен қатар екі түрлі есептің орнына көп мағыналы қаржылық есеп құрылып, мұның өзі салық есебіне тән есептеулер жөніндегі ақпараттар даярлауды да қамтамасыз етеді.

Ал ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп саланың ерекшелігін көрсететін бірқатар ерекшеліктермен сипатталатынын білеміз. Бұл табиғи фактордан туындайды: өндіріс процесі жермен және тірі ағзалармен, сондай-ақ әлеуметтік фактормен байланысты.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорнындағы бухгалтерлік есептің қиындықтары [8]:

- шаруашылық қызметті жан-жақты жедел бақылау;
- компания ресурстарын іріктеудің және жан-жақты бақылаудың көрсетілген кезеңі үшін кез келген уақытта есептілікті қалыптастыру;
- өндіріс шығындарын есепке алу;

- өнімнің өзіндік құнын бағалау және өндіріс рентабельділігін талдау;
- ауыл шаруашылығы операцияларын жоспарлау.

Сондықтан бухгалтерлік есепті автоматтандыру қажет. Мысалы, «Қазақстан үшін ауыл шаруашылығы кәсіпорнының бухгалтериясы» конфигурациясы өсімдік шаруашылығымен, мал шаруашылығымен, құс шаруашылығымен, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеумен айналысатын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында есеп жүргізуге арналған [9].

Кәсіпорында бухгалтерлік есеп жүйесін ұйымдастыруды жетілдіру жүйені автоматтандырумен жүзеге асырылуы мүмкін. Бухгалтерлік есептің автоматтандырылған нысаны, электронды-есептеу техникасын пайдалануға негізделген, бастапқы деректерді жинаудан бастап бухгалтерлік есепті алуға дейінгі есептік процесті автоматтандырудың кешенді жүйесі болып табылады. Бұл нысанның негізіне бухгалтерлік есеп әдісінің басты элементі – құжаттаманы жүргізу салынған. Бірақ есептік ақпаратты топтау және жалпылау есептеу машиналарының көмегімен жүргізіледі.

Кешенді автоматтандыру жүйесін дамытудың негізгі үрдістері туралы айта отырып, жаңа ақпараттық технологияларды қолдануды, одан әрі функционалдығын кеңейтуді, пайдаланушылардың әр түрлі топтарының қажеттіліктеріне бейімделу бойынша жаңа мүмкіндіктерді жүзеге асыруды, басқа да бағдарламалармен өзара іс-әрекет тетіктерін дамытуды ерекше атап көрсетуге болады.

Әдебиеттер тізімі

- [1] Мусаева, А.А. Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп: оқу құралы / А.А. Мусаева, С.Б.Альдешова, А.С. Биктеубаева. – Алматы: Нархоз университеті. - 2016. - 301б.
- [2] Мусаева, А.А. Салалардағы бухгалтерлік есеп жазбалары: практикум /А.А.Мусаева, Ж.Б. Хамидуллина, Ш.Б.Сисенғалиева, С.Б. Альдешова.-Атырау: Ақ жайық баспасы, 2015.-112 б.
- [3] Нұрсейітов, Э.О Ұйымдардағы бухгалтерлік есеп: оқу құралы / Э.О. Нұрсейітов. -Алматы: LEM, 2012.-432б.
- [4] Нажикбаева, К.К. Бухгалтерский учет в сельском хозяйстве / К.К. Нажикбаева. - Алматы: LEM, 2014.-164с.
- [5] Әлиев, М.Қ. Кәсіпорындағы қаржылық пен салық есебін ұйымдастыру: оқу құралы /М.Қ. Әлиев, М.А.Алтынбеков, Ж.Қ.Абжан,

Б.Н.Жабытай, Л.Қ.Саналиева. - Астана: Қаз ЭҚХСУ БПО, 2018.-224 б.

[6] Өтешова, А.Қ. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің даму үрдісі / А.Қ. Өтешова, Б.З. Жумағалиева, Г.Т. Ахметова // Проблемы агрорынка.-2019.-№2.-Б. 34-41.

[7] Ахметова, Г.Т., Альдешова, С.Б., Дарискалиева, М.С. Ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігін арттырудың негіздері // Қазақстанның Тәуелсіздік күніне арналған «Төртінші индустриалды революция жағдайындағы экономика және білім дамуының мәселелері және келешегі»: атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары.-Алматы.-2019.-Б.42-44.

[8] Ахметова, Г.Т., Егорова, Л.А. Пути повышения эффективности деятельности предприятий сельскохозяйственного производства // Проблемы и перспективы развития экономики и образования в условиях четвертой индустриальной революции», посвященной дню Независимости Казахстана: Материалы Междунар. науч.-практич. конф.- Алматы, 2019. - С. 39-41.

[9] Ахметова, Г.Т. Қазақстанның Атырау облысының ауыл шаруашылығы өндірісі: жағдайы мен проблемалары / Г.Т. Ахметова, К.М. Утепкалиева, С.Б. Альдешова // Проблемы агрорынка.-2020.- №1. – Б. 67-74.

References

[1] Musayeva, A.A., Aldeshova, S.B. & Bikteubayeva, A.S. (2016). Auyl шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп: оқу құралы [Accounting in agriculture: manual]. Almaty: Narkhoz universiteti, 301 p. [in Kazakh].

[2] Musayeva, A.A., Khamidullina, Zh.B., Sisengaliyeva, Sh.B. & Aldeshova, S.B. (2015). Salalardaғы бухгалтерлік есеп jazbalary: praktikum [Accounting records in industries: practicum]. Atyrau: Aq zhajyq baspasy, 112 p.

[3] Nurseitov, E.O. (2012). Üiymdardaғы бухгалтерлік есеп: оқу құралы [Accounting in organizations: manual]. Almaty: LEM, 432 p.

[4] Nazhikbayeva, K.K. (2014). Bukhgalterskii uchet v sel'skom khozyajstve [Accounting in agriculture], Almaty: LEM, 164 p. [in Russian].

[5] Aliev, M.Q., Altynbekov, M.A., Abzhan, Zh.Q., Zhabytai, B.N. & Sanaliyeva, L.Q. (2018). Kasiporyndaғы qarzhilyq pen salyq esebin üiymdastyru [Organization of financial and tax accounting at the enterprise: manual]. Astana: QazEQKhSU BPO, 224 p. [in Kazakh].

[6] Ötешova, A.Q., Zhumagaliyeva, B.Z. & Akhmetova, G.T. (2019). Qazaqstan Respublikasynyn agroönerkasiptik kesheninин damu yrdisi [Trends in the development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan]. Problemy agrorynka – Problems of agrimarket, 2, 34-41 [in Kazakh].

[7] Akhmetova, G.T., Aldeshova, S.B. & Dariskaliyeva, M.S. (2019). Auyl шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігін арттырудың негіздері // Қазақстанның Тәуелсіздік күніне арналған «Төртінші индустриалды революция жағдайындағы экономика және білім дамуының мәселелері және келешегі»: атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары [Fundamentals of improving the economic efficiency of agricultural production] // Problems and prospects of economic and educational development in the context of the fourth industrial revolution. Khalyqaralyq ғылыми-практикалық konferenciya synyn materialdary – Materials of the Internathional scientific-practical conference. Almaty, 2019, 42-44 [in Kazakh].

[8] Akhmetova, G.T. & Egorova, L.A. Puti povysheniya effektivnosti deyatelnosti predpriyatii sel'skokhozyajstvennogo proizvodstva // Problemy i perspektivy razvitiya ekonomiki i obrazovaniya v usloviyakh chetvertoi industrialno revolyuczii [Ways to improve the efficiency of agricultural production enterprises]. Problems and prospects of economic and educational development in the context of the fourth industrial revolution]: Materialy Mezh-dunar. nachn.-prakt. konf.- Materialy of the Internathional scientific-practical conference. Almaty, 2019, 39-41[in Russian].

[9] Akhmetova, G.T. & Utepkaliyeva K.M., Aldeshova S.B. (2020). Qazaqstannyñ Atyrau oblysynyñ auyl шаруашылығы өндірісі: jaғдайы men problemalary [Agricultural production of Atyrau region of Kazakhstan: state and problems]. Problemy agrorynka – Problems of agrimarket, 1, 67-74 [in Kazakh].

Авторлар туралы ақпарат

Альдешова Самал Балгабаевна - негізгі автор; экономика ғылымдарының магистрі; Қаржы және есеп кафедрасының аға оқытушысы; Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті; 060000 Студенттер даңғылы, 212, Атырау қ., Қазақстан; e-mail: s.aldeshova@asu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0001-5366-2487>

Ахметова Гульмира Тулегеновна; экономика ғылымдарының кандидаты; «Қаржы және есеп» кафедрасының қауымдастырылған профессоры; Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті; 060000 Студенттер даңғылы, 212, Атырау қ., Қазақстан; e-mail: esentemir@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9510-8695>



Дарискалиева Майра Сипагатовна; экономика ғылымдарының магистрі; Қаржы және есеп кафедрасының аға оқытушысы; Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті; 060000 Студенттер даңғылы, 212, Атырау қ., Қазақстан; е-mail: m.dariskaliyeva@asu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0002-4697-3188>

Information about authors

Aldeshova Samal - **The main author**; Master of Economic Sciences; Senior Teacher of Finance and Accounting; Kh.Dosmukhamedov Atyrau University; 060000 Student ave., 212, Atyrau, Қазақстан; e-mail: s.aldehova@asu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0001-5366-2487>

Akhmetova Gulmira; Candidat of Economic Sciences; Associate Professor of Departments Finance and accounting; Kh.Dosmukhamedov Atyrau University; 060000 Student ave., 212, Atyrau, Қазақстан; e-mail: esentemir@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9510-8695>

Dariskaliyeva Maira; Master of Economic Sciences; Senior Teacher of Finance and Accounting, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University; 060000 Student ave., 212, Atyrau, Kazakhstan; e-mail: m.dariskaliyeva@asu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0002-4697-3188>

Информация об авторах

Альдешова Самал Балгабаевна - **основной автор**; магистр экономических наук; старший преподаватель кафедры «Финансы и учет»; Атырауский университет им. Х.Досмұхамедова; 060000 пр. Студенческий, 212, г.Атырау, Казахстан; е-mail: s.aldehova@asu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0001-5366-2487>

Ахметова Гульмира Тулегеновна; кандидат экономических наук; ассоциированный профессор кафедры «Финансы и учет»; Атырауский университет им. Х.Досмұхамедова; 060000 пр. Студенческий, 212, г.Атырау, Казахстан; е-mail: esentemir@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9510-8695>

Дарискалиева Майра Сипагатовна; магистр экономических наук; старший преподаватель кафедры «Финансы и учет»; Атырауский университет им. Х.Досмұхамедова; 060000 пр. Студенческий, 212, г.Атырау, Казахстан; е-mail: m.dariskaliyeva@asu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0002-4697-3188>